Қызылорда облысында карантин шектеулері жеңілдетілді

01/09/2020 0 48

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысында эпидемиологиялық ахуалға байланысты жарияланған облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №20 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов мәлімдеді.

«Құжатты қабылдау бар да орындау бар. Әрбір саналы азамат осы қаулы талабын орындауды, өзінің борышы деп қабылдауы тиіс. Бұл отанның бастауы болып табылатын отбасыңды қорғау болып саналады», – деді Наурызбай Сейтқалиұлы.

Сонымен, жаңа қаулыға сәйкес, облыста бүгіннен бастап күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен жұмыс істейтін бірқатар нысандарға рұқсат етілді.

Атап айтқанда:

– Азық-түлік гипермаркеттері, оптомаркеттер, супермаркеттер, минимаркеттер, дүкендер, бірінші кезекте қажетті тауарлар саудасының жұмысы сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін ұзартылды;

– Ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің қызметіне;

– Бір адамға су бетінің 5 ш.м. есебінен жеке форматта, алдын ала жазылу бойынша бассейндердің қызметіне рұқсат берілді;

– Таза ауада 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтарға серуендеуге болады;

– Мәдениет объектілерінің, кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне (30 адамнан аспайтын жеке, топтық репетициялар);

– Контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейінгі мектептердің, мектепалды, 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін ата-аналарының өтініші бойынша сыныптардың жиынтығы 15 баладан аспаған жағдайда білім беру ұйымдарындағы кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне;

– 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне;

– Жиналыстарды қашықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда кезбе-кез өткізуге рұқсат берілді.

Қызылорда: Жалағаш ауданында жаңа мектеп ашылды

01/09/2020 0 51

БӨЛІСУ 0

Білім күніне орай Сыр елінде жаңа мектеп ел игілігіне берілді. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Ә.Бердәулетов атындағы №34 орта мектептің ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысты.

«Бүгін Мөрәлі Шәменов ауылының халқы үшін өте қуанышты күн. Себебі өміріміздің жалғасы, еліміздің ертеңгі жарқын болашағы саналатын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін қасиетті орданың жаңа ғимараты ел игілігіне берілгелі тұр. Осы білім ошағынан еліміздің, Сыр өңірінің атын әлемге танытар білімді ұрпақ көптеп шығарына сенімдімін», – деді Н.Байқадамов құттықтау сөзінде.

140 орындық жаңа мектеп типтік жобада салынған. Білім ошағында сынып және интернет кабинеттерімен, медициналық кабинетпен, спорт зал, асханамен қамтамасыз етілген. Биыл жаңа мектепте 1-4 сыныптағы 94 оқушы санитариялық нормаларды қатаң сақтай отырып, оқитын болады.

Айта кетейік, ата-аналардың өтініштері негізінде 1-4 сынып оқушылары дәстүрлі, қалған сыныптардың балалары қашықтан оқиды.

Кызылорда: В Жалагашском районе сдана в эксплуатацию новая школа

01/09/2020 0 43

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

Заместитель акима Кызылординской области Наурызбай Байкадамов с рабочей поездкой побывал в Жалагашском районе и принял участие в открытии средней школы №34 имени А.Бердаулетова.

«Сегодня для жителей аула имени М.Шаменова очень радостный день. Уверен, что в этом учебном заведении появятся школьники, которые сделают имя нашей страны и Кызылординского региона известным миру», – сказал Наурызбай Байкадамов в своем поздравлении.

В ходе мероприятия председатели районного и сельского советов ветеранов выступили и поздравили с вводом в эксплуатацию нового здания школы.

Школа построена по типовому проекту, на 140 мест, в два этажа. Оборудованы учебные, интернет и медицинский кабинеты, спортзал, столовая, туалет.

В этом году 94 ученика 1-4 классов будут учиться в школе в соответствии с санитарными нормами.

Қызылордада биыл 1 сыныпқа 18 423 бала қабылданды

01/09/2020 0 60

БӨЛІСУ 0

Биыл Қызылорда облысы бойынша 293 мектепте 169 173 оқушы білім алады. Оның ішінде, 1 сыныпқа 18 423 бала қабылданды. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов мәлімдеді.

«Жаңа оқу жылында мектептегі оқу процесін ұйымдастыру ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған бағыттар бойынша жүргізіледі. Яғни, өңірдегі 220 мектептегі 116 592 оқушы қашықтан оқытылады. Қашықтан оқыту BilimLand, Daryn-online интернет платформалары арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, 1-4 сыныптағы 41 547 оқушыны құрайтын 2974 топ және шалғай орналасқан елді-мекендегі 73 мектептен 11 004 оқушы дәстүрлі түрде оқитын болады. Сонымен қатар, биыл 55 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 12-і балабақша, 33-і мектеп, 4-і мектептен тыс мекеме, 5-і колледж. Бұған қоса, жаңа оқу жылында 740 орындыққа арналған 2 мектеп пайдалануға беріледі», – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Сонымен қатар, облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Бақтыбайқызы жаңа оқу жылындағы оқушыларды оқытудың бірқатар ерекшеліктерін айтты.

«Жаңа оқу жылында кезекші топтар құрылады. Сондай-ақ, 1-4 сыныптардың ата-аналарының дербес өтініштері негізінде ашылады. Бұл топтарда 15 баладан артық бала оқытылмайды. Ең бастысы – бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз керек. Санитарлық талаптар қатаң сақталады.

«Мектепке жол»: 220 қызылордалық оқушыға көмек көрсетілді

01/09/2020 0 63

БӨЛІСУ 0

ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 220 қызылордалық оқушыға қайырымдылық көмек көрсетті.

Жаңа оқу жылының қарсаңында өткізілген игі шара аясында Сыр мешіттері әлеуметтік жағдайы аз қамтылған көп балалы отбасылардың балаларына оқу құралдарымен жабдықталған сөмкелер, кеңсе дүкеніне сертификаттар және қашықтықтан білім алуға арналған смартфондар мен планшеттерді тарту етті.

Қайырымдылық шарасында көмек алған балалар Бас имам Болатбек Ұласқанұлы бастаған имамдар мен ерікті жамағаттарға шексіз алғысын білдірді.

Қызылордалық оқушының ғылыми жобасы патентке ие болды

01/09/2020 0 63

БӨЛІСУ 0

Сыр өңіріндегі Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Зарина Айсауытова су тазалаудың жаңа тиімді әдісін ойлап тапты.

Заринаның идеясы өндірістік қалдықтардан суды тазалау үдерісінде модификацияланған кальций силикатын қолдануға бағытталған. Жас ғалым судың сапалылығын жақсартатын адсорбенттерді бір сағат уақытта арнайы муфель пештерінде үлкен температурада өңдемей-ақ, қарапайым қыскатолқынды пеште небәрі 15 минутта даярлауға болатынын дәлелдеген.

«Қазіргі уақытта белгілі су дайындаудың технологиялары, оның ішінде кең таралғаны – седиментация және сүзу – қажетті сападағы суды алуға және табиғи су қоймаларының тазалығын сақтаудағы санитарлық талаптарға сай келе бермейді. Біз кальций силикатын темір катиондарына әрекет ету арқылы судың сапалылығын жақсартуға болатынын көрсеттік», – дейді Зарина.

Зарина бұл жұмыспен екі жылдан бері айналысып келеді. Жетекшісі химия пәнінің мұғалімі Марат Сыздықбаевпен бірге мектептің зертханасында өнімдердің физика-химиялық қасиеттеріне талдау жасады. Өңірдегі Қорқыт Ата атындағы университет зертханасында инфрақызыл-спектр және электронды зерттеу әдістерін қолдану арқылы адсорбенттің ерігіштігі мен кеуектілігіне сараптама жүргізді.

«Бұл экономикалық және экологиялық тиімді әдіс. Себебі, мұндай технологиямен тазаланған суға энергия аз жұмсалады», – дейді жоба жетекшісі Марат Сыздықбаев.

Оқушы мен мұғалімнің бұл еңбектері бүгінде пайдалы модель ретінде танылып, ұлттық зияткерлік меншік институты тарапынан патентке ие болды. Мектеп мақтаныштарының алдағы мақсаты – бұл жобаны өндірістік орындарға ұсыну арқылы іске асыру.

Модульную инфекционную больницу построят в Кызылорде

01/09/2020 0 39

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В Кызылорде выделен земельный участок под строительство модульной инфекционной больницы на 200 коек, в настоящее время ведется подготовительные работы. Об этом сообщил глава областного управления здравоохранения Сабит Пазылов.

«Всемирная организация здравоохранения прогнозирует, что осенью может быть второя волна пандемии. В связи с этим во второй фазе пандемии «COVID-19» разрабатывается перечень лекарственных препаратов для своевременного лечения инфицированных пациентов в регионе. Кроме того, существует потребность в 96 аппаратах ИВЛ, и через Всемирный банк планируется получить 2 дополнительных аппарата. Кроме того, из местного бюджета будут закуплены 4 флюорографических и 4 стационарных рентгеновских аппарата. В связи с планомерной подготовкой ко второй волне коронавирусной инфекции осенью 2020 года сформирован резерв из 3500 медицинских работников», – сообщил главный врач.

Также с помощью спонсоров планируется создать кислородную станцию при областной многопрофильной больнице и Казалинской межрайонной больнице. Кроме того, при необходимости будет возобновлено открытие 21 инфекционного и провизорного стационара.

Қызылордада арнайы роталық тактикалық оқу–жаттығу өтті

01/09/2020 0 106

БӨЛІСУ 1

Ағымдағы жылдың тамыз айында Қызылорда гарнизонындағы әскери бөлімде екі аптаға созылған арнайы роталық тактикалық оқу-жаттығу өтті.2020 жылғы жауынгерлік жоспарға сәйкес оқу-жаттығуға бөлімнің барлық роталары қатысты.

Бірінші күннен бастап барлық роталарөз белсенділіктерін көрсете бастады. Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – роталардың жеке құрамының үйлесімділігін, жауынгерлік дайындық дәрежесін тексеру,дыбыл бойынша көтеру және де рота жауынгерлерінің функционалдық міндеттерін бағалау болып табылады.

Аталған оқу-жаттығу жоспарға сәйкес үш кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезеңде роталар дабыл бойынша көтерілді. Кейін марш жасап, радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау, әскери топография, инженерлік дайындығы, байланыс, әскери медициналық және әуе-десанттық дайындығы бойынша тиісті нормативтер тексерілді. Екінші кезеңде негізгі жаттығулар далада өткізілді. Берілген басты тапсырма белгісіз аймақтағы жасырын объектілерді тауып, координаттар бойынша жұмыс жасау болды. Үшінші кезеңде роталар өздерін атыс дайындықтары бойынша сынады. Күндізгі атыс дайындығында төрт жаттығулар бойынша бағаланған болса, ал түнде екі жаттығу орындады.

Қызылордада сәуір айынан бері қызылша ауруының дерегі тіркелмеген

02/09/2020 0 88

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысында жыл басынан бері қызылша диагнозына күдікті 191 жағдай тіркеліп, оның 110-ы зертханалық жолмен нақтыланды. Ауруғашалдыққандардың басым көпшілігін 14 жасқа дейінгібалалар құрайды. Ал а.ж. сәуір айынан бастап бүгінгі күнге дейін қызылша ауруының облыс бойынша бірде-бір дерегі тіркелген жоқ. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 3,7 есеге немесе 302 жағдайға төмен.

«2019 жылы қызылша ауруы бойынша облыстаэпидемиологиялық ахуал күрделі болды – 535 ауру тіркелдіАурушаңдықтың ең көп таралуы ақпан, наурыз және сәуір айларына сәйкес келді», – деп хабарлайды Қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті мамандары.

Өткен жылы тіркелген 535 жағдайдың ішінде қызылшаға қарсы екпе алмағандар саны 336 болса, биылғы жылы 110 науқастың 69-ы белгілі себептерге байланысты егілмеген. Оның ішінде жоспарлы профилактикалық екпелерден бас тартқандар-17, медициналық шегіністерге байланысты-24 және егу жасына жетпеуіне байланысты 28адам егілмеген, ал 14 адамның егу статусы белгісіз.

Бүгінгі күні коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында қабылданып жатқан шаралар, атап айтқанда, оқшаулану, шектеу шараларын, оның ішінде карантин енгізу, вирусқа қарсы ем-шара қолдану, бетперде киюді міндеттеу, балабақшалар мен мектептерге қатысты шектеу шаралары қызылша ауруы бойынша эпид ахуалдың тұрақтануына оң әсерін тигізді. Себебі қызылша да COVID-19 вирусы секілді ауа тамшылары арқылы таралады.

Қызылша ауруы адамдар арасында өкпенің жедел қабынуы, құлақтың естімей қалуы, көздің көрмей қалуы, мидың жедел қабынуы секілді асқынуларымен қауіпті.

Бұл аурудан сақтанудың ең тиімді жолы – қызылшаға қарсы профилактикалық екпе жасату болып табылады.Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес қызылша ауруына қарсы екпе құрама вакцина арқылы, яғни қызылша, қызамық, эпидпаротитке қарсы бір екпе қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Гүлшара Әбдіқалықова халықты жұмыспен қамту және МӘМС мәселелерімен танысты

02/09/2020 0 122

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен халықты жұмыспен қамту және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша мәжіліс өткізілді. Жиында екі мәселе қаралды. Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов халықты жұмыспен қамту бағытында 8 айда атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндап, негізгі көрсеткіштерді атап өтті.

Жыл басынан 8 ай ішінде «Жұмыспен қамту» бағдарламасына қатысушы ретінде 23246 адам белсенді шаралармен қамтылған. Техникалық және кәсіптік даярлау жұмыстарына 1515 адам жолданған. Қысқа мерзімді оқытуға 1000 адам жоспарланған, оның 830-ы қамтылып, жоспар 83 пайызға орындалған.

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова мемлекеттік бағдарламаларды орындау арқылы межелі индикаторға жету қажеттігін атап өтіп, қысқа мерзімді курсты оқыған азаматтардың 75 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылуы тиіс деді.

Өңірде жаппай кәсіпкерлік дамыту бағытында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 2150 адам оқыту көзделсе, бүгінгі күні 2113 адам қамтылған. Ал, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау мақсатында 824 адамға шағын несие беру жоспарланған. Аймақ басшысы аталған екі бағытты орындауда бірқатар аудандардың жұмысын жандандыру тиіс екенін айтты.

«Азаматтарға шағын несие беру арқылы кәсіпкерлерді қолдауымыз керек. 9 айдың қорытындысымен қала және аудандардың көрсеткіші 80 пайыздан төмен болмауы керек. Ал, жұмыспен қамтудың белсенді шараларын аяқтаған азаматтардың тұрақты жұмысқа орналастыру деңгейі 60 пайыздан төмен болмауы тиіс. Қала, аудан әкімдері, тиісті сала басшылары жұмыс берушілермен тығыз жұмыс жасаңыздар», – деді облыс әкімі.

Жиында бос жұмыс орындарына мамандарды тарту мәселесі де айтылды. Облыс әкімі бос жұмыс орындары заңға сәйкес электронды еңбек порталында көрсетілуі тиіс, алайда көп жағдайда адамдар сырттай жұмысқа қабылданып жатқанын, мәселені тез арада реттеуді тапсырды. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашып, интергациялық картаға енген жұмыс орындары бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді қолға алу қажет деді.

Отырыста қаралған екінші мәселе – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісінің орындалуы. Медициналық ұйымдарға тіркелген тұрғындардың мәртебесін айқындау жұмыстарына қатысты «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бахыт Исмаханбетов баяндама жасады.

Жиында облыс әкімі халықты белсенді түрде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісіне тартып, шарттарды түсіндіріп, әлі де сақтандырылмаған азаматтарды қамту қажеттігін қаперге салды. Сонымен бірге шағын және орта бизнес субъектілерін сақтандыру ісіне әзектендіру қарқынды жүруі керек деді.

Бақытжан Сайлыбаев: Еліміздің бағыты айқындалған басты құжат

02/09/2020 0 58

БӨЛІСУ 0

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму мақсаттарын айқындайтын «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс – қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында негізгі басымдық экономикалық және әлеуметтік мәселелерге бағытталып, бүгінгі күннің сұранысына толық жауап беріп тұр. Өйткені, Жолдауда ел өмірінің барлық саласындағы ең бір күрделі мәселелер қамтылған. Елдің әр саласындағы жағдай, қоғамдағы түрлі көңіл – күй Мемлекет басшысының басты назарында екендігін байқауға болады.

Мемлекет басшысы Жолдауында қазіргі күрделі жағдайдағы осал тұстарымызбен қатар ұтымды жақтарымызды да таразылай келіп, жаңа жағдайдағы Қазақстанның алдында тұрған маңызды бірнеше іс – қимыл бағыттарын айқындап берді.

Соның ішінде Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайтындығы Жолдауда жан – жақты айтылған. Өйткені, азаматтарының лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – әрбір мемлекеттің басты міндеті болып табылады.

Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет», – дей келе, еліміздің қазіргі жағдайдағы талабына қарай құқық қорғау және сот жүйелеріне реформа қажеттігіне баса назар аударады.

Сонымен қатар Президент еліміде сыбайлас жемқорлық көріністерінің әлі де сипат алуда екендігін айта келіп, жемқорлықтың пайда болу себептері мен оның алдын – алу жұмыстарының сапасына, жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізілуіне ерекше мән берілу керектігіне тоқталды.

Осы бағытта Жолдаудағы тағы бір ерекшелік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа

Қазалы ауданында оттегі дайындайтын станция ашылады

02/09/2020 0 45

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысындағы Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев жұқпалы аурулар бөліміне арнайы барып, дайындық жұмыстарымен танысты. Қазалы ауданаралық ауруханасының бас дәрігері Бақытгүл Әлішева дайындық барысымен таныстырып, алдағы уақытта тағы да қосымша медициналық аппараттар мен қорғаныс құралдары қажет екенін жеткізді.

Бас дәрігердің айтуынша, жұқпалы аурулар бөлімінен 35 провизорлық, 20 инфекциялық төсек орын жасақталған. Эпидемиологиялық ахуал кезінде аурухананың екінші ғимаратынан 150 инфекциялық төсек орнына бейімделсе, аудандық ауруханадан қосымша 50 төсектік провизорлық емдеу орнын ашу жоспарлануда.

Сондай-ақ, жұқпалы аурулар ғимаратының 2 блогынан оттегі дайындайтын станция ашу үшін жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін «ПетроҚазақстанҚұмкөл» АҚ демеушілік жасап, қаржылай көмек көрсетті.

Аудан басшысы Мұрат Ергешбаев медицина қызметкерлеріне аудан әкімдігі тарапынан қолдау әрдайым болатынын жеткізді. Осыған дейін аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, індеттің алдын алуға қажетті заттар сатып алынды, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Бюджет қаржысы және демеушілердің есебінен 32 дана оттегі концентраторы алынды. Алдағы уақытта қажетті заттарды алу үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлуге ұсыныс берілді.

Сырдария ауданында күріш тазалау цехы іске қосылды

02/09/2020 0 28

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысында былтырғы жылы өткен XI «Baikonur invest» инвестициялық форумының аясында 100 млрд теңгеге жуық жобаларды жүзеге асыруға 25 меморандум мен 1 келісімшартқа қол қойылған еді. Соның ішінде аудандағы «Ақжарма-2» шаруа қожалығы «Күріш ақтап, тазалайтын және кіші пастерленген сүт зауытын, жылыжай және көкөніс қоймасын салу» жобасын жүзеге асыруға келісімге келген болатын.

Қазіргі таңда шаруашылық осы жобаларды кезең-кезеңімен іске асыруды қолға алған. Оның ішінде бүгінде күріш тазалау цехының құрылысын салып, егінге орақ түскенде іске қосуда. Осы жұмыстардың барысымен аудан әкімі Руслан Рүстемов танысты.

«Ақжарма-2» шаруа қожалығының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Марат Бисенов аталған жоба «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қаржыландырылғанын жеткізді.

«Егін шаруашылығымен айналысатын қожалық жұмысын дамытып және әртараптандыру үшін түрлі жобаларды жүзеге асыруды жоспарладық. Соған орай бүгінде күріш тазалау цехының құрылысын аяқтап қалдық. Құны 65 млн теңгені құрайтын жоба «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен қаржыландырылып, Чехия мемлекетінен арнайы аппарат әкелдік. Қазіргі таңда цехтың агрегатын орнатып, бір-екі күнде іске қосамыз. Цех жұмысына 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылады», – деді шаруашылық төрағасы.

Сырдариялық кәсіпкер оқушыларға планшеттер алып берді

02/09/2020 0 64

БӨЛІСУ 0

Биылғы оқу жылы карантиндік талаптарға сәйкес қашықтан оқытыланы белгілі. Осы ретте, оқушыларды электронды құрылғылармен қамтамасыз ету маңызды. Бұл іске жанашыр азаматтар, кәсіпкерлер мен шаруашылық тәрағалары қолдау білдіруде. Осындай қамқор жандардың қатарында Сырдария ауданынан «А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС-нің тәрағасы Бақытжан Жақып та бар.

Ауылдағы шаруашылық тізгінін қолға алған тәраға Құрбан айт мерекесінде елді мекендегі 30 үйге 300 мың теңге көлемінде азық-түлікпен көмек көрсеткен болатын. Енді жаңа оқу жылы қарсаңында балалардың білім алуына қажетті 20 планшетті сыйға тартып отыр.

Бақытжан Жақып елді мекендегі көп балалы, аз қамтылған отбасы үйлеріне арнайы барып, келе жатқан білім күнімен құттықтады. Сондай-ақ электронды құрылғыларды табыс етіп, жастардың сапалы білім алуына тілекші екенін жеткізді.

Осындай жанашыр азаматтардың қолдауының нәтижесінде карантиндік талаптарда оқушылардың білім игеруіне мол мүмкіндік жасалуда.

Қызылорда облысында балық шаруашылығын дамыту жөнінде арнайы бағдарлама әзірленбек

02/09/2020 0 57

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов жұмыс сапарымен Арал ауданында болып, жергілікті жердегі балық өңдеу зауыттарының жұмысымен танысты. Балық шаруашылығына қатысты мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ, ол Арал қаласымен қатар, Қаратерең, Қарашалаң елді мекендеріндегі балық қатыру, мұздату цехтарын да аралап көрді.

Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде балық шаруашылығын дамыту жөнінде арнайы бағдарлама әзірленетін болады. Бақыт Жаханов балық шаруашылығымен айналысатын мамандармен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жергілікті балық шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер тауарлы балық өсіруге қызығушылықтарын білдіріп, бағдарлама жобасына өз ұсыныстарын жеткізді.

Сапар барысында Б. Жаханов Аралқұм елді мекеніндегі ветеринариялық пунктте болып, орталық жұмысымен таныс болды. Қазіргі таңда аталған пунктте аудандағы төрт түлік малға арналған ақылы қызмет түрлерін көрсетуде. Бұл қызмет аясында тұрғындарға мал емдеу және аулалар мен қораларды залалсыздандыру жұмыстары ұсынылады.

Сонымен қатар, Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесіндегі орман тұқымбақтарының жұмысымен де танысты.

СЫР ӨҢІРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІНІҢ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ІС-ШАРАЛАР БАСТАУ АЛДЫ

02/09/2020 0 120

БӨЛІСУ 0

Облыс көлемінде меншік нысанына қарамастан барлық мекемелер мен ұйымдарда карантин талаптарын сақтай отырып, тілдер күніне арналған түрлі онлайн шаралар, тіл жанашырларын марапаттау шаралары ұйымдастырылады. Бұл туралы Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова баспасөз алаңында хабарлады.

«Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына сәйкес 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып белгіленген.

Осыған сәйкес, 2018 жылдан бастап Тілдер мерекесі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, 5 қыркүйекте мерекеленіп келеді», – деп атап өтті басқарма басшысы.

Бұл мереке – Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің ана тіліне құрмет көрсететін ортақ мейрам.

Осыған орай Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспары

Қызылорда: Облыс әкімдігінде Жолдау дөңгелек үстел форматында талқыланды

03/09/2020 0 134

БӨЛІСУ 0

Бүгін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Жолдауының негізгі міндеттерін жүзеге асыру бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті.

Дөңгелек үстел отырысына облыс әкімінің орынбасарлары,аппарат басшысы, облыстық мәслихат хатшысы, басқарма басшылары, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры, бизнес қауымдастығы мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, онлайн форматта қала және аудан әкімдері қатысты.

«Президент өз Жолдауында дағдарыстан кейін экономика мен азаматтардың әл-ауқатын қалпына келтіру керектігін атап өтті. Жаңа құжат 11 басым-бағыттан тұрады. Біздің басты міндет құжаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету», – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Жолдаудың бірінші бағытында мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттігі аталып, мемлекеттік қызметкерлерді 2020 жылы 10 пайызға, 2021 жылы 15 пайызға қысқарту тапсырылды. Осыған орай, аймақ басшысы облыс әкімінің аппарат басшысына биылғы жылғы 1 қазанға дейін 10 пайыздық қысқартулар бойынша ұсыныс беруді жүктеді.

Жолдаудың екінші бағытында атап өтілгендей, ұзаққа созылған мұнай саласының даму кезеңі аяқталды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті

Кызылорда: В областном акимате обсудили Послание в формате круглого стола

03/09/2020 0 37

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В Кызылорде под председательством акима области Гульшары Абдыкаликовой состоялось заседание круглого стола по реализации основных задач Послания Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевича Токаева «Казахстан в новой реальности: время действий».

В заседании круглого стола приняли участие заместители акима области, руководитель аппарата акима области, секретарь областного маслихата, руководители управлений, директор региональной палаты предпринимателей «Атамекен», представители бизнес-сообщества и общественных объединений, а также в онлайн формате акимы города Кызылорда и районов области.

«Президент в своем Послании отметил необходимость восстановления экономики и повышения благосостояния граждан после кризиса. Новый документ состоит из 11 приоритетных направлений. Наша задача – обеспечить реализацию документа», – сказала аким области Гульшара Абдыкаликова.

В первом направлении Послания отмечена необходимость системной реализации новой модели государственного управления, поручено сократить численность госслужащих в 2020 году на 10%, в 2021 году-на 15%. В связи с этим, глава региона поручила руководителю аппарата акима области до 1 октября текущего года внести предложения по 10%-му сокращению.

Как было отмечено во втором направлении Послания, закончился долгий период развития нефтяной отрасли. Также Глава государства подчеркнул, что «Без развития сельского хозяйства невозможно создать конкурентоспособную экономику». Поэтому глава региона поручила управлению индустриально-инновационного развития области, акиматам города и районов проанализировать карту индустриализации, в кратчайшие сроки внести в карту индустриализации проекты, готовые к запуску в 2020 году, а также провести работу по заполнению индустриальных зон новыми проектами.

В целях реализации третьего направления аким области поручила руководителям не только оказать традиционную поддержку аграрному сектору, но и принять соответствующие меры, уделив особое внимание глубокой переработке сельскохозяйственной продукции, пищевой и текстильной промышленности, выпуску строительных материалов и других отраслей промышленности.

В четвертом направлении Президент отметил, что социальное благополучие граждан, зависит, в первую очередь, от решения жилищных проблем. В связи с этим, глава региона рассказала, что в рамках программы «Нұрлы жол» необходимо принять меры по развитию инженерной инфраструктуры для строительства жилых домов.

По пятому направлению были даны конкретные меры по развитию качества образования. Глава региона поручила областному управлению образования в период дистанционного обучения обеспечить необходимые условия для качественного образования детей, изучить возможности школ, переходящих на традиционное обучение с соблюдением санитарных требований, и разработать специальную региональную дорожную карту реализации мероприятий, необходимых для развития творческих способностей детей и их приобщению к занятиям спортом.

В Кызылорде рассмотрены вопросы занятости и обязательного социального медицинского страхования

03/09/2020 0 61

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В Кызылорде под председательством акима области Гульшары Абдыкаликовой состоялось совещание по вопросам занятости населения и обязательного социального медицинского страхования. Заместитель акима области Наурызбай Байкадамов доложил об итогах работы за 8 месяцев, отметив основные показатели.

За 8 месяцев текущего года участниками программы «Дорожная карта занятости» стали 23246 человек. На техническое и профессиональное обучение направлено 1515 человек. На краткосрочное обучение в течение года предусматривается направить 1000 человек, 830 из них уже обучены. В результате годовой план выполнен на 83%.

Аким области Гульшара Абдыкаликова рассказала, что через реализацию государственных программ необходимо достичь запланированного индикатора, отметив, что не менее 75% граждан, обучившихся на краткосрочных курсах, должны быть в дальнейшем обеспечены постоянной работой.

По проекту «Бастау Бизнес», реализуемому в рамках государственной программы «Енбек» по направлению «Развитие массового предпринимательства», предусматривается обучение 2150 человек, из них на сегодняшний день обучением охвачено уже 2113 человек. В целях поддержки инициатив предпринимателей планируется микрокредитование 824 человек. Глава региона отметила, что некоторым районам необходимо активизировать работу по реализации этих двух направлений.

«Мы должны поддерживать предпринимателей путем микрокредитования. По итогам 9 месяцев запланированные показатели по городу Кызылорда и районам области должны быть выполнены не менее, чем на 80%. А после привлечения граждан к активным мерам содействия занятости уровень их трудоустройства не должен быть ниже 60%. Акимы города, районов, руководители соответствующих отраслей должны теснее сотрудничать с работодателями», – сказала аким области.

На совещании также говорили о привлечении специалистов на вакантные рабочие места. Аким области поручила решить вопрос размещения вакансий на электронном портале труда, так как в большинстве случаев люди принимаются на работу без регистрации. Необходимо не только создавать новые рабочие места, но и вести системную работу по введению данных об их создании в автоматизированную систему «Интеграционная карта мониторинга создания рабочих мест».

Второй вопрос, рассмотренный на заседании – это вопрос обязательного социального медицинского страхования. С докладом о проведенной работе выступил директор филиала некоммерческого акционерного общества «Фонд социального медицинского страхования» по Кызылординской области Бахыт Исмаханбетов.

Сыр елінде 6 ескерткішке археологиялық зерттеу жүргізілуде

03/09/2020 0 106

БӨЛІСУ 0

Биыл Қызылорда облысында алғаш рет Сырдария ауданындағы ортағасырлық Асанас қалашығына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде. Археологтар қалашықтың қақпасын, қорғаныс қабырғалары мен мұнараларын, тұрғын үй орындарын аршуда. Бұл туралы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Абуова мәлімдеді.

«Аймақтағы 6 ескерткішке археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде Жанкент, Сығанақ, Сортөбе, Қышқала қалашықтарындағы қазба жұмыстары аяқталса, ал, Бәбіш мола және Асанаста әлі жалғасуда. Қазба маусымында
археологиялық жұмыстардың зерттеу ауқымы кеңейіп, маңызды нысандарды сақтаумен, консервациялаумен ерекшеленді. Сондай-ақ, Жанкент қалашығында консервацияланған бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылып, зерттеушілер қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын қайта жандандырды. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған олжалар облыс музейлер қорына жинақталса, ғылыми-зерттеу есептері архив қорларында сақталады», – деді Мира Абуова.

В Кызылорде ведутся археологические исследования на памятниках региона

03/09/2020 0 48

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В этом году впервые проводятся археологические раскопки в средневековом городе Асанас в Кызылординской области. Археологи раскапывают ворота, стены и башни. Археологи вскрывают ворота городища, защитные стены и башни, жилые помещения. Об этом сообщила начальник областного управления культуры, архивов и документации Мира Абуова.

«Археологические исследования ведутся на 6 памятниках региона. Сегодня завершены раскопки в Жанкенте, Сыганаке, Сортобе, Кышкале, а в Бабиш мулле и Асанасе все еще продолжаются. В сезон раскопок расширен объем исследований археологических работ, отличающийся сохранностью и консервацией важных объектов. Кроме того, в городе Жанкент создана композиция консервационного зала, установлены исторические скульптуры, отражающие традиции Огузской эпохи, исследователи возродили старинное жилищное строительство внутри городка. Находки археологических раскопок будут переданы в музеях области, а отчеты об исследованиях будут храниться в архивах», – сказала Мира Абуова.

Қызылордалық кәсіпкерлер биыл айналым қаражатына 5 млрд. теңгеге жуық қаражат алған

03/09/2020 0 100

БӨЛІСУ 0

Бұл туралы облыс әкімінің қатысуымен өткен активте Кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов айтты.

«Біздің облыс бойынша экономиканың аса зардап шеккен салаларында 11 мыңнан аса кәсіпкерлік субъектісі қызмет атқарады. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тарапынан кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізілді. Оған облыс бойынша 3650 кәсіпкер қатысты. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, облыс бойынша кәсіпкерлік саласында қызметкерлердің 31 пайызы қысқартылған және 32 пайыз қызметкерлер жалақысы сақталмайтын еңбек демалысына жіберілген. Осыдан-ақ пандемияның зардабын анғаруға болады», – деді Палата басшысы бас қосуда.

Ол мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау шаралары қабылданып жатқандығын, 460 кәсіпкерлік субъектісінің несиелері бойынша төлемдер кейінге шегеріліп, 49 кәсіпкерлік субъектісі Шағын және орта бизнеске жеңілдетілген несие беру бағдарламасы шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға 8 пайызбен бір жылға 5 млрд.теңгеге жуық кредит алғандығын айтты.

«Қазіргі күрделі ахуалға байланысты Президент Жолдауында аталған бағдарламаны жүзеге асыру мерзімін 2021 жылдың соңына дейін ұзарту және оның аясын кеңейту тапсырылды. Осы мақсатқа қосымша 200 млрд.теңге бөлінді. Демек, несие алған 49 кәсіпкердің несие мерзімі созылды және басқа кәсіпкерлер де несие алуға мүмкіндік алды. Өңір кәсіпкерлері осы 200 млрд.теңгеден лайықты, қомақты үлесін алу қажет деп есептеймін және бұл бағытта біз түсіндірме жұмыстарын жалғастыратын боламыз», – деді Ғалымбек Жақсылықов.

Палата басшысы, қазіргі таңда кәсіпкерлер үшін басты проблема – қолданыстағы несиелері екендігіне тоқталды. Ол жөнінде Жолдауда шағын және орта бизнеске қосымша көмек ретінде экономиканың зардап шеккен салаларындағы кәсіпкерлердің қазіргі барлық несиелерінің 6 пайызбен мемлекеттік субсидия беру тапсырылды.

Ұлттық банктің 1 тамыздағы статистикалық мәліметі бойынша өңірде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 28,7 млрд. теңге несиелері бар екен. Бұл кредиттердің басым бөлігі банктерден 15-18 пайызбен тікелей алынған.

В Кызылорде в текущем году предприниматели получили около 5 млрд тенге на пополнение оборотных средств

03/09/2020 0 125

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

Об этом сообщил директор Палаты предпринимателей Галымбек Жаксылыков на активе с участием акима области.

«По нашей области действуют более 11 тысяч субъектов предпринимательства из наиболее пострадавших отраслей экономики. Национальная Палата предпринимателей «Атамекен» провела опрос среди предпринимателей. В нём по нашей области приняли участие 3650 предпринимателей. В соответствии с результатами опроса, по области 31 процент работников сферы предпринимательства были сокращены и 32 процента работников были отправлены в трудовой отпуск без сохранения заработной платы. Эти цифры свидетельствуют насколько велики последствия пандемии»,– сообщил руководитель Палаты.

Кроме того он сообщил, что со стороны государства принимаются меры по поддержке предпринимательства, платежи по кредитам 460 субъектов предпринимательства были отсрочены, 49 субъектов предпринимательства, в рамках льготного кредитования малого и среднего бизнеса, на пополнение оборотных средств получили около 5 млрд тенге по 8 процентов.

«В связи со сложной ситуацией Президент в своем Послании поручил продлить реализацию данной программы до конца 2021 года, а также расширить сферу его действия. Для этих целей было выделено дополнительно 200 млрд тенге. Т.е. сроки по кредитам 49 предпринимателей были продлены, а также другие предприниматели получили возможность для финансирования. Я считаю, что предприниматели региона должны получить свою соответствующую долю и мы будем проводить разъяснительную работу в данном направлении»,– сказал Галымбек Жаксылыков.

Руководитель Палаты заострил внимание на том, что на сегодняшний день главной проблемой предпринимателей являются их действующие кредиты. В Послании было поручено в качестве дополнительной помощи малому и среднему бизнесу в наиболее пострадавших сферах экономики, субсидировать все их действующие кредиты по 6 процентов.

Согласно статистическим данным Национального банка на 1 августа у субъектов малого предпринимательства региона имеются кредиты на сумму 28,7 млрд.тенге. Большая часть данных кредитов были получены непосредственно в банках по 15-18 процентов.

Қызылордада әскери-техникалық мектептің түлектері ант қабылдады

03/09/2020 0 171

БӨЛІСУ 1

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі «Әскери-техникалық мектебінің» Қызылорда қаласындағы филиалының 14 сарбазы әскери ант қабылдады.

Сарбаздар бір айдан астам уақыт бойы аталған мектепте тиісті даярлықтан өтті. Қызылорданың түрлі аймақтарынан келген өрендер аз уақыт ішінде ішінде әскери тәртіппен танысып, қолына қару ұстауды үйренген. Олардың басым бөлігі жастық шағында әскери өмірге қызыққандар. Бірақ, белгілі бір себептермен сарбаздар сапына қосыла алмаған екен. Алайда, әскери-техникалық мектеп жайлы естігенде бірден мекемеге жүгініп, Отан алдындағы борышын өтеуге бел буған.

«Бүгін біз және жауынгер достарым әскери-техникалық мектепті «атқыш» мамандығы бойынша аяқтап, ант қабылдап отырмыз. Отанды қорғауға ант беру әрбір азаматтың міндеті. Барлық

СЫР ӨҢІРІНДЕ ТІЛДЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІ АЯСЫНДА «ТІЛДІ СҮЮ-ТАЛБЕСІКТЕН» АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

03/09/2020 0 67

БӨЛІСУ 0

Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі аясында Қызылорда қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Тілді сүю – талбесіктен» акциясы ұйымдастырылды.

Акция барысында облыстық ішкі саясат басқармасы тарапынан мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту, бүлдіршіндердің мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, тіл байлығын жетілдіру мақсатында кітаптар тарту етілді.

Шара барысында балабақша бүлдіршіндері мен тәрбиешілер қауымына айтулы мерекеге орай құттықтаулар білдіріліп, «Сыр еркесі», №14 «Самал» балабақшаларының ұжымдарына «Аталар сөзі», «Бабалар батасы», «Халық тағылымы», «Халық ертегілері», «Халық әні», «Халық аңызы», «Қобыз үні», «Домбыра күйі», «Бесік жыры», «Билер сөзі», «Нақыл сөздер», «Халық жыры» кітаптары жиынтығынан тұратын инновациялық сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі» оқу-әдістемелік кешені және «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Атамекен сиқырлы елінің аңыздары», «Сыналған достық», «Сиқырлы тақия», «Сөйлейтін әліппе» интерактивті плакаттар, балаларға арналған ертегілердің аудиожинақтары, сонымен бірге, «Әріптер әлемінде», «Бұлт сырты әлеміндегі сиқырлы бастан кешулер» т.б. көптеген кітаптар берілді.

Қызылорда облысында «Бизнеске арналған үкімет» жобасы жүзеге асырылуда

04/09/2020 0 110

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысында «Бизнеске арналған үкімет» жобасы «Бизнеске арналған үкімет» КММ-сі негізінде жұмыс жасауда. Мекеме қызметкерлері облысымыздың барлық 7 аудандарында және Байқоңыр қаласында қызмет көрсетуде. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы мәлімдеді.

Қазіргі таңда «Бизнеске арналған үкімет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлері «бір терезе» қағидаты негізінде барлық кәсіпкерлерге және инвесторларға 18 бағыт бойынша 89 қызмет түрлерін ақысыз көрсетеді. Көрсетілетін 89 қызмет түрінің 42-сі мемлекеттік қызметтер, 22-сі электрондық мемлекеттік қызметтер.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 57 мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік ұйымдар және монополист субъектілерімен жұмыс жасайды. Мекеме ашылғаннан бері, яғни 2017 жылдан бастап, облыс кәсіпкерлері мен инвесторларға 25 137 қызмет көрсетілген.

Сондай-ақ «Бизнеске арналған үкімет» КММ-нің жанында «Kasipker Online», «kyzmet.kasipker.online» сайттары жұмыс жасауда.

«Kasipker Online» сайты арқылы кәсіпкерлер қызмет туралы ақпаратқа және жаңалықтарға онлайн қол жеткізе алады. Ал, техникалық шарттарды алу үшін «kyzmet.kasipker.online» сайтына жүгінеді.

Мұнымен қоса, аталмыш мекеме Қызылорда облысында инвестициялар тарту жөніндегі фронт-офисі болып айқындалды.

Бүгінгі күні фронт-офис «ABK PromService» ЖШС-нің «Қызылорда қаласында индустриялық аймақта шыны пластикті желілік және сорғы-компрессорлық құбырлар шығару зауытының құрылысы» мен «RNVEA SPP I» ЖШС-нің «Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауында қуаты 120 МВт «Бурхан» күн электр станциясын жобалау және салу» жобаларын сүйемелдеуде.

В Кызылординской области реализуется проект «Правительство для бизнеса»

04/09/2020 0 64

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В Кызылординской области на базе коммунального государственного учреждения «Правительство для бизнеса» реализуется проект «Правительство для бизнеса». Учреждение оказывает услуги во всех 7 районах области и городе Байконыр. Об этом сообщает областное управление предпринимательства и туризма.

В настоящее время по принципу «одного окна» предпринимателям и инвесторам КГУ «Правительство для бизнеса» бесплатно оказывается 89 услуг по 18 направлениям. Из 89 видов услуг – 42 государственные услуги, 22-электронные государственные услуги.

На сегодняшний день КГУ работает с 57 государственными учреждениями, квазигосударственными организациями и монополистическими субъектами области. С 2017 года, с момента открытия учреждения, предпринимателям и инвесторам оказано 25 137 услуг.

Кроме того, при КГУ «Правительство для бизнеса» функционируют сайты «Kasipker Online», «kyzmet.kasipker.online».

Через сайт «Kasipker Online» предприниматели могут получить информацию о деятельности учреждения и узнать новости. А получить технические условия, могут обратившись на сайт «kyzmet.kasipker.online».

Вместе с этим, данное учреждение определено фронт-офисом по привлечению инвестиций в Кызылординскую область.

На сегодняшний день фронт-офис сопровождает проект «Строительство завода по производству стеклопластиковых линейных и насосно-компрессорных труб в индустриальной зоне городе Кызылорда», реализуемого ТОО «ABK PromService» и ТОО «RNVEA SPP I» по проектированию и строительству солнечной электростанции «Бурхан» мощностью 120 МВт» на левом берегу реки Сырдарья в городе Кызылорда.

Қылышбай Бисенов: Жер мәселесіне нүкте қойылып, жеріміз шетелдіктерге сатылмайтын болды

04/09/2025 | 0 | 77

БӨЛІСУ 0

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялады.

Стратегиялық маңыздылығымен көзге түскен кезеңде нақты міндеттер мен өзекті мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған Жолдауда Мемлекет басшысы кезек күттірмейтін бірқатар мәселелерді айқындап берді:

1) Пандемия кезеңінде зардап шеккен шағын және орта бизнеске субсидия берілу және оған бюджеттен қомақты қаражаттың бөлінуі

2) Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмыс жасайтын қызметкерлерді 50%-ке дейін қысқартып, шағын және орта бизнестің үлесін 35%-ке дейін кеңейту

3) Алдағы үш жылда мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын өсіру

4) Отандық қылыш-қаруды мен тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды қолдандыру

5) Қазақстанда табиғи және технологиялық сипаттағы тәтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою; ерт сөндіру тілсіз жауын күзеу; адамдарды құтқару секілді қиындығы көп істер, мәселелерді шешетін Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құруды тапсырды.

Дамыған елдер қатарындағы мемлекеттердің экономикасына әсер етпей бұл дағдарыс, біздің еліміздің экономикалық дамуына да салған қиындықтар алып келді. Шекаралардың жабылуы мен мемлекеттер арасындағы тауар айналымының тоқтауы, бюджет құрауы негізгі қаржы көздерінің бірі саналатын көліктөртік салаларындағы қиындықтарды мемлекеттік қолдау арқылы халықтың алаңдаушылығын азайтуға орен ері жеңілдету туралы бағыттарды көрсетпен.

Мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда бірқатар реформалар жүргізілгенімен, қоғамның, жұртшылықтың осы салаға деген ынтарлы сұраныс мен талабы күннен күнге артып келеді.

Сондықтан мемлекеттік қызметкерлер санын азайтып, сонын есебінен олардың жалақысын көтеріп, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру белгіленді.

Сонымен қатар Президентіміздің бірқатар стратегиялық мәселелерді қоғамның талқылауына шығаруы өте маңызды.

Оның ішінде өңірлерді сайлау, петиция құру, жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау және шешім қабылдау үрдісіне азаматтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету мәселелері бар.

Мұның бәрі "Халық үшін күлік істейтін мемлекет" тұжырымдамасының әрі қарай жүзеге асырыла бастығын білдіреді деп есептеймін.

Осындай нақты бастамаларды ескерсін, Президент Жолдауы жаңжақты пысықталған, Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму бағытын және ұлттық басымдықтарды анықтап берген құжат.

Наша жылдан бері халықтың қажетінде жүрген Жер мәселесіне нүкте қойылып, жеріміз шетелдіктерге сатылмайтын болды.

Алдағы уақытта мемлекет басшысының барлық бастамасын іске асыру үшін тиісті заңдар қабылданатын болды.

Мемлекет басшысының ғылым мен технологияны дамытуға байланысты қарекетті жаңжақтау іс-шаралар ортақ тандауды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа ие болуын қамтамасыз етуді Ұлттық тапсырма, отандық ғылымды дамытуға жасалған мемлекет тарапынан зор қамқорлық болып табылады.

Мемлекет басшысының алдағы сынды қазаннан алып шығу жолында ұзынан Жолдауын жүзеге асыру, барлығымыздың жауапкершілігімізді арттырып, барлық бағыттарға бастайтынына сенімдімін мен.

Қызылорда облысында күріш ору науқаны қызу жүріп жатыр

04/09/2020 0 135

БӨЛІСУ 0

Қызылорда облысында 22 тамыздан бастап күрішке орақ салу жұмыстары басталып, бүгінде 3715 гектар күріштің 1622 гектары қамбаға бастырылды. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сейілбек Нұрымбетов мәлімдеді.

«Егін жинау маусымы басталғалы бері 3715 гектар күрішке орақ салынып, оның 1622 гектары бастырылды. Әзірге егіннің әр гектарынан шамамен 43,0 центнерден өнім алынуда. Сондай-ақ, егін жинау жұмыстары 15 қазанға дейін жалғасады. Яғни басты міндет орылған дәнді қамбаға жинап, игілікке жарату», – деді Сейілбек Серғазыұлы.

В Кызылорде увеличились темпы уборки урожая

04/09/2020 0 71

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

Сбор урожая риса в Кызылординской области начался 22 августа, и на сегодняшний день из 3715 гектаров заложено 1622 гектара риса. Об этом сообщил глава областного управления сельского хозяйства Сеилбек Нурымбетов.

«С начала сезона уборки урожая собрано 3715 га риса, из них обмолочено 1622 га. Пока урожайность составляет около 43,0 центнера с гектара. Кроме того, урожай продлится до 15 октября. То есть главная задача – хранить убранное зерно в зернохранилищах и использовать его во благо», – сказал Сейлбек Сергазиевич.

Шиелі ауданында тұрғындар көптен күткен көпір құрылысы басталды

04/09/2020 0 254

БӨЛІСУ 0

Бүгінде Шиелі ауданындағы басты мәселелердің бірі көпір екені жасырын емес. Мәселен, елді мекендерге баратын өткелдердің басым бөлігі осыдан елу жыл бұрын салынған. Одан бері тиісті жөндеу жұмыстары да жүргізілмеген. Дарияның арғы беті мен бергі бетін жалғайтын көпірлердің сапасы тіпті сын көтермейді. Сондай-ақ Төңкеріс ауылына кіреберіс көпір тесілген, Телікөлге барар жолдағы екі көпірдің де жағдайы көңіл көншітпейді. Бидайкөлде де осындай мәселе бар. Кенттегі теміржол өткелінің үстінен көпір салу мәселесінің өзі үлкен мәселе.

Жақында осы көпті алаңдатқан көпір мәселесінің шешім табылды. Осыдан екі ай бұрын «Шиелі – 20 бекет» аралығындағы 2945 шақырымдағы қос жолдың үстінен көпір салу жұмысы басталған еді. Сметалық құны 644 млн 820 мың теңге тұратын жобаны «Стандарт ОИЛ» мекемесі жеңіп алған. Қазіргі таңда мердігерлер құрылысты бастап, қарқынды жүргізуде. Құрылыс аумағында 70-80-ге жуық адам еңбек етуде. Оның ішінде 40 жұмысшы жұмыспен қамту орталығынан қамтылған. Алайда 13 адам өз жұмысына жауапсыздық танытқаны үшін, қызметінен айырылған екен. Қалған 27 тұрғын жұмыспен қамту орталығынан тартылып, көпір құрылысымен айналысуда. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дана Аманның айтуынша, көпір жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Тағы бір жағымды жаңалық, аудан ауылдарындағы басқа көпірлердің де мәселесі шешімін таппақ. Биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша Жөлек елді мекеніндегі автомобиль көпірі жөнделіп, пайдалануға берілген. Жөлек елді мекені тұсындағы Сырдария өзеніндегі қалқымалы

Долгожданный мост начали строить в Шиелийском районе

04/09/2020 0 79

ПОДЕЛИТЬСЯ 0

В Шиелийском районе Кызылординской области началось строительство долгожданного моста через железнодорожные линии. Вопрос возведения подъездных путей к райцентру с населением больше 80-и тысяч человек стоял остро на протяжении многих лет.

Вот такая километровая автотранспортная пробка на железнодорожном переезде в посёлке Шиели возникает несколько раз в день. Во время движения поездов свое драгоценное время теряют не только жители, но и спешащие на вызов кареты скорой помощи и другой спецтранспорт.

